

№ 403-НҚ от 21.08.2026

«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ
МИНИСТРЛІГІ»
МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ



ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ
«МИНИСТЕРСТВО
КУЛЬТУРЫ И ИНФОРМАЦИИ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН»

БҰЙРЫҚ

ПРИКАЗ

Астана қаласы

№

город Астана

«Қазтелерадио» акционерлік қоғамының 2025 жылғы жылдық қаржылық есептілігін, 2025 жылғы таза кірісін бөлу тәртібін, жай акциялары бойынша дивидендтер төлеу туралы шешім қабылдау, бір жай акциясына шаққандағы дивидендтердің мөлшерін бекіту туралы

«Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 36-бабы 1-тармағының 7) және 8) тармақшаларына, «Мемлекеттік мүлік туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 177-бабы 2-тармағының 3) тармақшасына, Қазақстан Республикасының Бюджет кодексі 56-бабының 2-тармағына, «Finex-Standart» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің тәуелсіз аудиторының есебіне, «Қазтелерадио» акционерлік қоғамы Директорлар кеңесінің сырттай отырысының 2026 жылғы 31 шілдедегі № 04 хаттамалық шешіміне және Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитетінің 2026 жылғы 11 тамыздағы № КГИП-01-КГ/8479 хатына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған «Қазтелерадио» акционерлік қоғамының (бұдан әрі – Қоғам) мекенжайы: Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, Әл-Фараби даңғылы, 118-ғимарат, банктік деректемелері: БСН 000540002083, БСК: HSBKKZKX, ЖСК: KZ476010131000079901, «Қазақстан Халық Банкі» АҚ, КБЕ 16, 2025 жылғы жылдық қаржылық есептілігі бекітілсін.

2. Қоғамның 2025 жылғы 248 274 781 (екі жүз қырық сегіз миллион екі жүз жетпіс төрт мың жеті жүз сексен бір) теңге 86 тиын мөлшеріндегі таза кірісін бөрудің мынадай тәртібі айқындалсын:

1) таза кірісінің 70,03 (жетпіс бүтін жүзден үш) пайызын құрайтын 173 877 680 (бір жүз жетпіс үш миллион сегіз жүз жетпіс жеті мың алты жүз сексен) теңге 70 тиын мөлшеріндегі сома республикалық бюджет кірісіне дивидендтерді төлеуге жіберілсін;

2) таза кірісінің 29,97 (жиырма тоғыз бүтін жүзден тоқсан жеті) пайызын құрайтын 74 397 101 (жетпіс төрт миллион үш жүз тоқсан жеті мың жүз бір) теңге 16 тиын мөлшеріндегі сома Қоғамды дамытуға жіберілсін;

3) бір жай акцияға шаққандағы дивидендін мөлшері 2 (екі) теңге 98 тиын сомасында айқындалсын.

3. Қоғамның Басқарма төрағасы Ж.М. Қожахметов:

1) осы бұйрыққа қол қойылған күннен бастап 10 (он) жұмыс күн ішінде заңнамада белгіленген тәртіппен Қоғамның мемлекеттік акциялар пакеті бойынша дивидендтердің аударылуын қамтамасыз етсін;

2) жылдық қаржылық есептілік бекітілген күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде электрондық есепті қаржылық есептілік депозитарийінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін;

3) осы бұйрыққа қол қойылған күннен бастап күнтізбелік 30 (отыз) күн ішінде бұқаралық ақпарат құралдарында Қоғамның 2025 жылғы жылдық қаржылық есептілігін жарияласын.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат вице-министріне жүктелсін.

5. Осы бұйрық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді және Қоғамның Жалғыз акционерінің шешімі болып табылады.

**Қазақстан Республикасы
Мәдениет және ақпарат
министрінің міндетін атқарушы**

Қ. Ысқақов



Тип документа	ВХОДЯЩИЙ ДОКУМЕНТ
Номер и дата документа	№
Организация/отправитель	АО "КАЗТЕЛЕРАДИО"
Получатель (-и)	МИНИСТЕРСТВО КУЛЬТУРЫ И ИНФОРМАЦИИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
Электронные цифровые подписи документа	 Государственное учреждение "Министерство культуры и информации Республики Казахстан" Подпись руководителя: DocumentologSystem ЖАРМУХАМБЕТОВ ЕРМЕК MIIR6gYJ...I2wWX4h39 Тип: НУЦ Время подписи: 24.08.2026 15:31  Государственное учреждение "Министерство культуры и информации Республики Казахстан" Подпись канцелярии: DocumentologSystem ТУСУПБЕКОВА ГУЛЬМИРА MIISJgYJ...93eulWdlN Тип: НУЦ Время подписи: 24.08.2026 16:49

Подпись канцелярии

24.08.2026 16:49 ТУСУПБЕКОВА ГУЛЬМИРА

Подпись руководителя

24.08.2026 15:31 ЖАРМУХАМБЕТОВ ЕРМЕК